

Мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесі жүйесінде спорттық және ұлттық ойындардың маңызы

*Сержанұлы Біржан
Дене тәрбиесі және спорт
мамандығының 2 курс магистранты*

*Ильясова Алма Нагиевна
профессор, п.ғ.д
Абай атындағы Қазақ Ұлттық
педагогикалық университеті*

Резюме

В развитии физического воспитания детей в детских садах ведущая роль отводится движению и спортивным играм. В решении задач физического развития детей подобные игры являются одними из основных методов и способов ее реализации.

Использование спортивных игр в старших группах дошкольных учреждений играет значительную роль в ознакомлении детей с национальной культурой, традициями и обычаями казахского народа.

Использование национальных спортивных игр во время прогулок, утренников, вечеров способствуют сплоченности коллектива, дисциплинированности, трудолюбию и формируют целенаправленную атмосферу к решению поставленной цели.

Ключевые слова: организации дошкольного образования, педагог-воспитатель, народные игры, индивидуальность, воспитание, метод.

Summary

The leading role to be assigned to the movement and sports in development of physical training of children in kindergartens. In the solution problems of physical development children similar games are one of the main methods and ways of her realization.

Using sport games in the senior groups of preschool institutions plays a significant role in acquaintance of children with national culture, traditions and customs of the Kazakh people.

Use of national sport games during walking, morning performances, evenings promote unity of collective, discipline, diligence and form the purposeful atmosphere to the solution of a goal.

Key words: Kindergarten child, kindergarten teacher, national game, proverbs and sayings, education, metod.

Балабақшадағы балалардың дене тәрбиесін дамытуда қимыл-қозғалыс және спорттық ойындарға жетекші роль берілді. Дене тәрбиесінің негізгі құралдары мен әдістерінің бірі ретінде бұл ойындар сауықтыру және тәрбие, білім беру міндеттерін тиімді шешуге мүмкіндік ашады. Қимыл-қозғалыс ойындарының сан қырлы тәрбиелік маңызы, олардың мектеп жасындағы балалар үшін ыңғайлылығы, ойындардың қуанышты, балаларды өзіне тартып әрекет сферасын туғызуы – осылардың бәрі қимыл-қозғалыс ойындарды балалардың күнделікті өмірінің ажырағысыз бағалы серігі ретінде айқындайды.

Ойындардың мектеп жасына дейінгі балалар үшін іріктеп алынған әр түрлі педагогикалық классификациясы бар, олардың негізінде түрлі белгілер жатыр. Ойындар мазмұны бойынша бөлінеді: қимыл-қозғалыс ойындары және спорттық ойындар элементтері қолданылатын ойындар [1].

Дене шынықтыру – адамның күш-жігер қабілетін дамыту және денсаулығын жақсарту. Дене шынықтыруға дене тәрбиесі, арнаулы ғылыми білім, спорттағы табыстар жүйесі енеді. Дене шынықтыру еңбек пен тұрмыс гигиенасын, демалыс пен еңбектің дұрыс режимін, сондай-ақ денсаулықты нығайтып, шынықтыру үшін күн мен ауаны, суда тиімді пайдалау тәсілдерін қамтиды. Дене шынықтырудың мазмұны мен оны қолдану тәсілдері қоғамдық қатынастырдың өзгеруіне тікелей байланысты.

Қимыл-қозғалыс ойындарына сюжетті және сюжетсіз ойындар жатады. Негізгі қимылдардың әрбір түрі бойынша қимыл-қозғалыс ойындарын іріктеген кезде жасына қарай бөлінетін топтар арасындағы сабақтастық сақталады. Бұл тәрбиешіге балалардың бойында белгілі бір қимыл дағдылары қалыптасуына байланысты ойындарды жоспарлауына көмектеседі. Балаларды ойында шығармашылықпен көрінетін ойын бейнелері қызықтырады. Мысалы, "Мысық пен тышқан", "Қарақұлақ", "Алакүшік", "Қасқыр қақпан", "Бүркіт", "Атшылар жарысы", "Қара сиыр", "Тай жарыс", "Дене жарыс", "Құнан жарыс", "Түйе жарыс", "Қара құрт", "Жапалақтар мен қарлығаштар", "Хан", "Тұзақ құру", "Түйе-түйе", "Жануарлар қалай үндейді", "Қой бағу", "Қоян" т.б. сюжетті қимыл-қозғалыс ойындарына жатады. Жарыс нышандары қолданылатын ойындар: "Кімнің тобы тез сапқа тұрады", "Кім өз жолаушысына тез жетеді", "Белбеу тастау", "Айдап сал", "Кім шертті", "Икемді тал" және т.с.с. Балабақшаның орта топ балаларымен қимыл-қозғалыс ойындары мен іс-шараларға (жаздық, қыстық) белсенді қатысып, түрлі жаттығуларды орындауда, спорттық жарыстарда өздерінің ептілігі мен шапшандығын, зеректігін танытуына мүмкіндік жасалады. Спорттық ойын түрлеріне дайындық негізінде балаларды өз еркімен өрмелеу, еңбектеу, доп ойнау сияқты ептілігін арттыратын ойындарға белсенді қатысу іскерліктерін, түрлі спорттық құрал-жабдықтармен жабдықталған, әр түрлі қимыл әрекеттерін дамытады [2].

Спорттық ойындар элементтері қолданылатын ойындар мектепке дейінгі әдебиетте бірыңғай классификациялық атауы жоқ (спорттық ойындар элементтері, спорттық үлгідегі ойындар, спорт элементтері бар ойындар, спорттық ойын элементтері бар ойындар, спорттық сипаттағы ойындар. Алайда атауларын тізіп шығу бұл ойындардың мәнін өзгертпейді, әрбір белгілі топ спорттық ойындарының жекеленген элементтерін ғана қамтиды. Бұл ойындарда ең алдымен мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктері ескеріледі, сондықтан қимыл, ереже, ойындарды ұйымдастыру техникасының оларға қолайлы қарапайым, бірақ шынайы элементтері іріктеп алынады.

Спорттық ойындар элементтері қолданылатын ойындарға жататындар – волейбол, баскетбол, бадмингтон, городки, столда ойналатын теннис, футбол, хоккей.

Зерттеулердің және практиктердің деректері балабақшаның ересектер тобында спорттық ойын элементтері бар ойындарды жүргізуге болатынын көрсетіп отыр. Ол ойындар балалар қимыл-қозғалыс ойындарының бетінше ұйымдастыра білетін кезде жүргізіледі. Спорттық

элементтері бар ойындар қимыл-қозғалыс ойындарына қарағанда жинақылықты, ұйымшылдықты, бақылағыштықты, балаларға айқын, қолайлы қимыл техникасын, ұшқыр қимыл сезімін көбірек талап етеді. Аталған ойындарда балалар спорттық ойындар техникасының жалпы талаптарына жауап беретін дұрыс дағдыны игереді, мұның өзі одан әрі қайта үйретуді қажет етпейді және мектепке дайындау үшін маңызды [3].

Ересек және мектепке даярлық тобында спорттық ойын элементтері бар ойын түрлері енгізіледі. Олар: городки, баскетбол, бадминтон, футбол, хоккей.

Городки ойынында бастапқы қалыпты дұрыс ұстап тұрып, таяқты бір қырындап 2-3 м және 5-6 м аралықтан таяқ лақтырып құлатады.

Баскетбол қимылдарын дамыту үшін кеуде тұсынан қос қолдап допты бір-біріне лақтыру, допты оң және сол қолмен алып жүру, допты кеуде тұсынан екі қолмен лақтыру сияқты қимылдарды топ болып үйренеді.

Бадминтонда ракетканың воланын белгілі бағытқа қағып лақтырып, тәрбиешімен жұптасып ойнайды.

Футбол элементтерін үйрету үшін берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен домалату, доппен затты айналдыра жүру, допты шұңқырға, қақпаға домалату, допты қатарынан бірнеше рет қабырғаға соғу, 3-4 метр қашықтықтан допты екі аяқпен кезек-кезек алып жүріп, бір-біріне беру, допты жерден аяқтың ұшымен көтеріп, қолмен ұстау, шахматтық ретпен қойылған заттар арасымен допты ирелеңдетіп алып жүріп қақпаға соғу сияқты қимылдар жасап ойнайды.

Хоккейде берілген бағытқа, қақпаға доптаяқпен шайбаны сырғанату, жұптасып тұрып шайбаны бір-біріне сырғанату, екі қолмен ұстап, шайбаны оңды-солды қағып, бір орында тұрып немесе қозғалыста келе жатып, қақпаға соғу элементтерін үйренеді.

Балалардың қалыптасқан қимыл дағдыларын жетілдіру және қимылдарды орындаудың тиімді жолдарын таңдау, жиі өзгермелі ойын жағдайларында қимыл үйлесімділігін дамыту мақсатында негізгі қимылдарын жетілдіретін, дене қимылдарын қалыптастыратын өз еркімен ойнайтын қимылды ойындар мен спорттық ойындарға және эстафета ойындарына қатыстырады. Атап айтсақ, лақтыру, домалату, қағып алуға арналған ойындар: «Лақтырам, қағып ал», «Допты тордан өткіз», «Лақтырамын, ұстап ал», «Қоян мен аңшылар», «Жалаушаға лақтыр», «Түйреуішті құлат», «Допты тордан өткіз», «Құрсауға дәлде», «Кеглиді құлат», «Ақ сүйек», «Асықтар», «Алысқа лақтыр», «Таяқ-тастау»; эстафета-ойындары: «Жұптасқан эстафета», «Кеглиге тиіп кетпей, допты әкел», «Допты сақинаға сал», «Кедергі жолдар» [4].

Қазіргі заман талабына сәйкес дене тәрбиесі және спорт саласында ұлттық ойындар мен спорт түрлерін ұтымды қолдана білу жолдарын қарастыру, тарих толқынында жоғалған, шеттетілген, ұмытылған дәстүрлі ұлттық ойындарымызды халқымыздың мәдени, рухани құндылықтары негізінде қайтадан қалпына келтіру өзекті мәселе болып саналады.

Ұлттық спорт пен ойындардың теориялық тұғырдан қарастырылу деңгейін әдебиеттік деректерден қарай отырып, төмендегідей тұжырымдар жасауға болады:

Археологиялық қазбалар нәтижелері тарихи деректер бойынша ойындар тас ғасырларынан бастау алып, алғашқы қауымдық құрылыстан бастап адамдарды тәрбиелеу құралы ретінде көрініс бере бастайды;

Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, ерекшелігі адамдар денсаулығына және оның мықты, күшті болуына үлкен талап қойғандығын көреміз. Осындай өте үлкен дәрежеде мән беру үшін және оны іске асыру үшін халық арасында арнайы жаттығулар мен ойындар жүйесінің қалыптасуы қажет болды, яғни ұлттық ойындар мен арнайы жаттығулар осы талаптарды іске асырушы жүйе болып саналды. Сондықтан қазақ халқының арасында дене тәрбиесіне бағытталған арнайы жүйе болған деп айтуға толық дәлел бар;

Ұлттық ойындар мен спорттың ғылыми - педагогикалық негізінің қалыптасып, ғылыми айналысқа енуі Қазақстан тәуелсіздік алуы уақытынан бастау алады деп тұжырым жасауға негіз бар;

Қазақ сөзінің түбірі «қаз» - тұру, тік тұру, мықты, берік тұруды білдіреді. Кішкене балалар жүруге ұмтылып аяғын тәй-тәй басып келе жатқанда қазақтар «қаз, қаз», «қаз тұр» деп тікесінен тік тұрғызады. «Қаз» -ға қосып айтылатын «ақ» сөзі – күшейтілген жалғау. Осы деректерге сүйене отырып, біз қазақ халқы оның тұрмыс-тіршілігі, ерекшелігі адам денсаулығына, оның мықты, күшті болуына үлкен мән бергендігін көреміз. Адамның мықты, күшті болуына осындай үлкен дәрежеде мән беру, тіпті бір этностың атын қою үшін және оны іске асыру үшін халық арасында күшті арнайы жаттығулар мен ойындар жүйесінің қалыптасуы қажет болды, яғни ондай жүйені қазақтар пайдаланды деп айтуға толық дәлел бар [5].

Мектепке дейінгі ересек жастағы балаларды қазақ халқының ұлттық мәдениеті, салт-дәстүрі, әдет-ғұрыптарының ерекшеліктерімен таныстыратын спорттық нышандары бар ойындарды балабақша жұмысына қосу маңызды роль атқарады.

Ұлттық қимыл-қозғалыс ойындардың сауықтыру, тәрбиелеу және білім беру маңызы сан-саналы, бірақ іске асыру үшін тәрбиешінің шығармашылық көзқарасы және педагогтық шеберлігі қажет.

Ұлттық ойындар өзінің бастауын халықтық педагогикасының тұңғыығынан алады. Қазақтың ұлттық ойындары ерлікті, өжеттікті, батылдықты, шапшаңдықты, ептілікті, тапқырлықты табандылықты т.б. мінез-құлықтық ерекшеліктерімен бірге күш-қуатын молдығын, білек күшін, дененің сомданып шығуын қажет етеді. Сонымен бірге бұл ойындар әділдік пен адамгершіліктің жоғары принциптеріне негізделген.

Спорттық нышандары бар ұлттық ойындар балалар қимыл-қозғалыс ойындарын өз бетінше ұйымдастыра білетін кезде жүргізіледі. Мысалы, “Ақ серек, көк серек”, “Айгөлек”, “Соқыр теке”, “Орамал тастау”, “Жаяу жарыс”, “Әуе таяқ”, “Жанды дөңгелек”, “Тоспа доп”, “Қара бұлақ”, “Доп тебу”, “Ақ сандық”, “Тең көтеру”, “Кім түртті”, “Ұшты ұшты”, “Саққұлақ”, “Қуалап соқ”, “Қан көбелек”, “Арқан тарту” т.б.

Ұлттық қимыл-қозғалыс және спорттық ойындарды серуен кезінде, ертеңгілік, кештерде ұжымда еркін сезіну, саналы тәртіп, еңбексүйгіштік, мақсатқа жетудегі табандылық атмосферасын қалыптастырады. Ұлттық спорттық және қимыл-қозғалыс ойындарын тиімді пайдалану балабақша тәрбиешілері келесі шарттарды орындаған жағдайда нәтиже береді:

тәрбиешілер халық ойындарына жауапты қарап, кез келгенде ғана емес, жоспарлы және күнделікті пайдалану;

балабақшаның жылдық жоспарын басшылыққа алып, тәрбиешілер өздерінің жоспарларына міндетті түрде халық ойындарын енгізу;

балабақша әкімшілігі халық ойындарын үйрену және өткізу мәселелері бойынша тәрбиешілер семинарларын өткізу;

балалардың ойынға қызығуын көтеру үшін оларды ұйымдастырушылар мазмұны мен ретін біліп қана қоймай, оларды өткізуге өздері де қатысу;

халық ойындарын кештер мен ертеңгіліктерде қолдану, балабақшаның бағдар жұмысының мазмұнына енгізу.

Болашақ ұрпақ тәрбиелеуде оның ішінде дене тәрбиесі бағытында өзінің қолайлы тәрбие құралдардың бірі екендігін дәлелдеп келе жатқан ұлттық қимыл-қозғалыс ойындары мен спорттық ойындар қазіргі егемен Қазақстан халқы үшін атқарылып жатқан істердің ішінде өзінің пайдалы жақтарымен көрінуде.

Қорыта келе, ұлттық ойындар мен спорт халықтың тарихи қалыптасқан салт-дәстүрлерін жеткізуші ретінде, ұлттық тілді дамытуда қажеттілігі мен мектепке дейінгі балалардың денесін шынықтыру істеріндегі пайдалылығы және салауатты өмір сүруді насихаттауы жағынан маңыздылығымен ерекшеленеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мектепке дейінгі кіші жастағы (3 жастан 5 жасқа дейін) балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған «Зерек бала» бағдарламасы.-Астана, 2009.
2. Мектепке дейінгі ересек жастағы (5 жастан бастап 6 жасқа дейінгі) балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған «Біз мектепке барамыз» бағдарламасы.- Астана, 2010.
3. Кенеман А.В. Кухлаева Д.В. Мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі.-Алматы:Мектеп,1985.
4. Балабақшадағы дене тәрбиесінің бағдарламасы және оған арналған әдістемелік нұсқау.-Алматы: Рауан, 1995.
5. Алимханов Е.А.Ұлттық спорт пен ойындардың дамуына ғылыми көзқарас қажет. // Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі.-Алматы, 2010.